

**2025 жылдың 1-жартыжылдығы үшін «Қазақэроавиация» РМК
бекітілген тарифтік сметаларының орындалуы туралы, бекітілген
инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін
қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және
тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы табиғи
монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол
жеткізу туралы есебі**

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазақэроавиация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымы құрамына Кәсіби дайындау орталығы мен Авиациялық медициналық орталық кіретін Орталық аппаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өңірлерінде тіркелген 19 филиалды қамтиды. Кәсіпорын жұмыскерлерінің орташа тізімдік саны 2025 жылдың 1-жартыжылдығында 2 941 адамды құрады.

«Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықаралық және транзиттік ұшуларға аэроавиациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэроавиацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері табиғи монополиялар саласына жатқызылған.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиациялық қызмет туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кәсіпорын қызметін бақылау мен реттеуді өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті жүзеге асырады.

1. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

2021-2025 жылдар кезеңіне бекітілген аэроавиацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат есепті 2025 жылдың 1-жартыжылдығы кезеңінде осы есепке 1-қосымшада баяндалған.

2. Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы

Реттеліп көрсетілетін аэроавиация қызметтерінен күтілетін кірістер 2025 жылдың 1-жартыжылдығында 2 415 млн.теңгені құрайды, оның ішінде ӘК-де аэроавиация қызметтерінен түсетін кірістер бойынша – 1 482 млн. теңгені және ӘА-да – 933 млн. теңгені құрады (2,3-қосымша).

2011-2024 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде және әуеайлақ ауданында әуе кемелеріне аэроавиациялық қызмет көрсетудің реттеліп көрсетілетін қызметтері залалды болып табылады.

2025 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша залал 4 758 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

- ӘК-де (-3 138) млн. теңге;
- ӘА-да (- 1 620) млн. теңге.

Есепті кезеңде тарифтік сметаларда бекітілген көрсеткіштерге шығындар баптарының асыра орындалуы да, шығындардың кейбір баптарының орындалмауы да байқалады. Шығындардың жекелеген баптарының орындалмауы тарифтік сметалардағы көрсеткіштердің жылдық негізде бекітілгеніне, ал нақты көрсеткіштер 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының күтілетін деректері негізінде ұсынылғандығына байланысты.

Сондай-ақ, 2025 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша өндірістік көрсеткіштер тарифтік сметаларда бекітілген жылдық өндірістік көрсеткіштерден ӘК бойынша 56%-ға және ӘА бойынша 73%-ға орындалғанын атап өту қажет.

3. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы

Кәсіпорынның уәкілетті органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін бекітпеді.

4. Табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

Кәсіпорынның уәкілетті органы қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекітпеді.

5. Негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер туралы

Кәсіпорынның 2025 жылдың 1-жартыжылдығындағы **кірісі** 107 041 млн. теңгені құрады (күтілетін деректер).

2025 жылдың 1-жартыжылдығында **негізгі қызметтен түскен кірістер** 102 218 млн. теңгені құрады (күтілетін деректер).

2025 жылдың 1-жартыжылдығында **аэронавигациялық қызмет көрсетуден түсетін кірістер** 102 036 млн. теңге мөлшерінде күтіледі. Кәсіпорынның талданатын кезеңдегі жалпы кірістеріндегі АНҚ-дан түсетін кірістер 95% құрайды. 2024 жылдың 1-жартыжылдығына қарай АНҚ-дан түсетін кірістер 18%-ға немесе 15 845 млн. теңгеге ұлғайды. АНҚ үшін кірістің ұлғаюы өндірістік көрсеткіштердің өсуіне байланысты, сондай-ақ АҚШ доллары бағамының өсуіне байланысты.

Кәсіпорынның шығыстары (корпоративтік табыс салығын қоса алғанда) 2025 жылдың 1-жартыжылдығында 71 852 млн.теңгені құрады (күтілетін деректер).

6. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы

Кәсіпорынның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне мыналар жатады:

- халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;

- халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ ауданындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуден түскен жалпы табыстарда талданатын кезеңде реттелетін қызмет 2% құрайды.

Реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша қазақстандық авиакомпаниялар тасымалдарының жалпы көлеміндегі тұрақты ішкі тасымалдардың үлесі (ұшақ-километрмен) айтарлықтай салмақты болып келеді және 2025 жылдың 1-жартыжылдығында шамамен 96% құрады.

Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің көлемі

Атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылдың 1-жартыжылдығы үшін	2024 жылдың 1-жартыжылдығы үшін	Ауытқу
Ұшақ-километрлер	мың км	39 573	37 077	2 496
Ұшақ - ұшулар тоннажы	мың тонна	2 752	2 538	214

Тұтынушыларға 2025 жылдың 1-жартыжылдығында көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі 2024 жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда ұшақ-километрлер бойынша 7%-ға және ұшақ-ұшып шығу тоннажы бойынша 8%-ға артқан.

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

2025 жылдың 1-жартыжылдығында аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері Қазақстан Республикасының 73 авиакомпаниясына көрсетілді.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді

қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және әуесайлақ ауданында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге Қазақстан Республикасының авиакомпанияларымен 6 шарт жасалды және қайта жасалды.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерінің негізгі тұтынушылары келесі авиакомпаниялар болды (қызметтері өтеусіз негізде көрсетілген авиакомпанияларды қоспағанда):

«FlyArystan» АҚ

«SCAT» авиакомпаниясы АҚ

«Эйр Астана» АҚ

«Qazaq Air» АҚ

«Comlux-KZ» авиакомпаниясы» ЖШС

«Оңтүстік аспаны» авиакомпаниясы» АҚ

«Prime Aviation» АҚ

«East Wing» АҚ

ҚР ПИБ «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК

«Қазавиақұтқару» АҚ

«Жезқазған-Эйр» АҚ (ZHEZAIR)

KAZ AIR JET акционерлік қоғамы

«Fly Jet.kz» ЖШС

8. Қызмет перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы

Аэронавигациялық инфрақұрылымды дамыту басқармасы 2024 жылы 2025-2035 жылдарға арналған «Қазаэронавигация» РМК аэронавигациялық жүйесін дамыту жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) әзірледі, 2025 жылдың қаңтарынан бастап осы құжатты келісу басталды. Қазіргі уақытта құжат Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2025 жылғы 19 маусымдағы № 41 бұйрығымен бекітілген.

Жоғарыда көрсетілген Жоспарды іске асыру шеңберінде жобалардың жауапты басшыларын тағайындауды және жол карталарын әзірлеуді көздейтін «Қазаэронавигация» РМК бас директорының бұйрығы дайындалуда, бұл жоспарланған іс-шараларды іс жүзінде іске асыруға көшудің негізгі кезеңі болып табылады.

ҚР КМ ААК атына 2025 жылғы 18 маусымдағы № 07-02-11-1145 хатпен 2026-2030 жылдарға арналған аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді көтеруге өтінім жіберілді. Өтінімді қалыптастыру шеңберінде әуе кеңістігінде және әуесайлақ маңында аэронавигация қызметтеріне тарифтер есептелді. ҚР КМ ААК 2025 жылғы 26 маусымдағы № 19-19-11/1297-И хатымен 2026-2030 жылдарға арналған аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша тарифтерді өзгертуге арналған өтінімді қарауға қабылдады.

«Қазәронавигация» ШЖҚ РМК-ның 2025 жылғы жартыжылдықтың қорытындылары бойынша
2025 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламасының орындауы туралы ақпарат

Р/с №	Реттелін көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат						Пайда мен шығындар туралы есеп *	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Ұсынылатын реттелін көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
	Реттелін көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама (жоба) шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі		Жоспар	факт	ауытқу	ауытқу себептері	меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету			
				жоспар	факт							Амортизация	пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
I	Халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету; халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету	Аэронавигациялық жүйені дамыту						1 385 850	0	-1 385 850		0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0		Осы бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетудің сапасы мен сенімділігін арттырады, бұл ұшу қауіпсіздігін арттыруға әсер етеді
Авиациялық электр байланысын және ақпараттық коммуникацияларды дамыту							1 385 850	0	-1 385 850		0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0			
Телекоммуникацияның, электр байланысының аэронавигациялық желісі								1 385 850	0	-1 385 850		0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0		
Қазақстан Республикасының ОЖЖ диапазонындағы авиациялық әуе радиобайланысы желісін жаңғырту								1 385 850	0	-1 385 850		0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0		
a		Орнату және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, Шөпек радиотрансляторының ОЖЖ жабдығының жиынтығын сатып алу	жиынтық	1		2024		461 950	0	-461 950	Жыл соңына дейін орындау жоспарланған	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0		
b		Орнату және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, Көген радиотрансляторының ОЖЖ жабдығының жиынтығын сатып алу	жиынтық	1		2024		461 950	0	-461 950	Жыл соңына дейін орындау жоспарланған	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0		
v		Орнату және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, Шөпек радиотрансляторының ОЖЖ жабдығының жиынтығын сатып алу	жиынтық	1		2024		461 950	0	-461 950	Жыл соңына дейін орындау жоспарланған	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0		

Бас директорының міндетін атқарушы

Боғдашқин Ф.Ф.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы "Қазақаронавигация" РМК халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп

№ рс	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға ӘК-ға бекітілген тарифтік сметада көзделгені	2025 жылы нақты қалыптасқан ТС көрсеткіштері (күтілетін деректер)	Ауытқуы, %-бен	Ауытқу себептері
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың теңге	2 133 990	4 279 923	201%	Шығындардың жекелеген баптарының орындалмауы бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштердің жылдық негізде бекітілуіне, ал нақты көрсеткіштердің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының деректері негізінде ұсынылуына байланысты.
1.	Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер, барлығы		91 868	69 362	76%	
1.1.	материалдар, қосалқы бөлшектер		10 195	7 919	78%	
1.2.	отын		33 929	28 358	84%	
1.3.	энергия		47 745	33 085	69%	
2.	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы		1 166 268	1 788 011	153%	
2.1.	жалақы		1 061 209	1 553 612	146%	
2.2.	әлеуметтік салық		105 059	234 399	223%	
3.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы		521 651	849 436	163%	
4.	Жөндеу, барлығы		17 316	8 669	50%	
4.1.	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		17 316	8 669	50%	
5.	Өзге шығындар, барлығы		336 887	1 564 445	464%	
5.1.	байланыс қызметі		31 227	50 141	161%	
5.2.	іссапар шығыстары		37 207	51 918	140%	
5.3.	кадрларды даярлау		33 926	49 098	145%	
5.4.	басқа да шығыстар		234 527	1 413 288	603%	
5.4.1.	жабдыққа техникалық қызмет көрсету		171 754	763 371	444%	
5.4.2.	ғимараттар, құрылыстарды күтіп ұстау		7 633	10 812	142%	
5.4.3.	РТО ұшулары		34 133	90 209	264%	
5.4.4.	ведомстволық күзет шығындары		2 171	15 627	720%	
5.4.5.	медициналық тексеріс		4 302	2 077	48%	
5.4.6.	еңбекті қорғау		3 498	8 071	231%	
5.4.7.	Жалпы шаруашылық шығыстар		11 036	523 121	4740%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	тыс. теңге	272 279	340 340	125%	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы		272 279	340 340	125%	
6.1.	әкімшілік персоналдың жалақысы		181 204	184 749	102%	
6.2.	әлеуметтік салық		17 939	24 792	138%	
6.3.	банк қызметтері		2 003	351	18%	
6.4.	негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы		18 479	35 242	191%	
6.5.	коммуналдық қызметтер		1 337	904	68%	
6.6.	бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер		1 407	3 851	274%	
6.6.1.	аудиторлық қызметтер		1 031	2 564	249%	
6.6.2.	ақпараттық қызметтер		376	1 287	342%	
6.7.	салықтар		26 870	52 785	196%	
6.8.	басқа да шығыстар		23 040	37 664	163%	
6.8.1.	қосалқы бөлшектер, материалдар		909	1 011	111%	
6.8.2.	отын		666	1 748	262%	
6.8.3.	электр энергиясы		876	1 300	148%	
6.8.4.	жөндеу қоры		188	0	0%	
6.8.5.	жабдыққа техникалық қызмет көрсету		268	159	59%	
6.8.6.	еңбекті қорғау		161	49	30%	
6.8.7.	кеңсе шығыстары		3 885	674	17%	
6.8.8.	байланыс қызметі		4 411	8 894	202%	
6.8.9.	сақтандыру шығындары		7 636	13 987	183%	
6.8.10.	жалпы шаруашылық шығыстар		4 039	9 843	244%	
III	Барлық шығыстар		2 406 269	4 620 264	192%	
IV	Барлық кірістер, оның ішінде		2 406 269	1 482 150	62%	
	ӘК АНҚ қызметтерінен		2 406 269	1 482 150	62%	
V	Көрсетілген қызметтердің көлемі	ұш/км	70 743 346	39 573 050	56%	

Бас директордың міндетін атқарушы

Богданкин Ф.Ф

2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қорытынды бойынша Халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуесайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне арналған бекітілген тарифтік сметаның күтілетін орындалуы

№ рс	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға ӘМ-ға бекітілген тарифтік сметада көзделгені	2025 жылы нақты қалыптасқан ТС көрсеткіштері (күтілетін деректер)	Ауытқуы, %-бен	Ауытқу себептері
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	тыс. тенге	1 253 980	2 506 045	200%	Шығындардың жекелеген баптарының орындалмауы бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштердің жылдық негізде бекітілуіне, ал нақты көрсеткіштердің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының деректері негізінде ұсынылуына байланысты.
	оның ішінде:					
1.	Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер қоры, барлығы		51 401	83 325	162%	
	оның ішінде:					
1.1.	материалдар, қосалқы бөлшектер		4 339	8 519	196%	
1.2.	отын		13 389	37 337	279%	
1.3.	энергия		33 673	37 469	111%	
2.	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы		560 705	1 360 839	243%	
	оның ішінде:					
2.1.	жалақы		510 196	1 172 692	230%	
2.2.	әлеуметтік салық		50 509	188 146	373%	
3.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы		490 563	859 254	175%	
4.	Жөндеу, барлығы		4 882	21 739	445%	
	оның ішінде:					
4.1.	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		4 882	21 739	445%	
5.	Өзге шығындар, барлығы		146 429	180 889	124%	
	оның ішінде:					
5.1.	байланыс қызметі		6 738	3 329	49%	
5.2.	іссапар шығыстары		25 128	39 185	156%	
5.3.	кадрларды даярлау		1 233	3 126	253%	
5.4.	басқа да шығыстар		113 330	135 250	119%	
	оның ішінде:					
5.4.1.	құралға техникалық қызмет көрсету		77 788	58 899	76%	
5.4.2.	ғимараттар, құрылыстарды қамтамасыз ету		2 579	5 130	199%	
5.4.3.	РТО ұшулары		21 809	5 560	25%	
5.4.6.	ведомстволық күзет шығындары		242	3 117	1288%	
5.4.7.	медициналық тексеріс		4 435	4 514	102%	
5.4.8.	еңбекті қорғау		2 396	16 993	709%	
5.4.9.	Жалпы шаруашылық шығыстар		4 082	41 036	1005%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	тыс. тенге	25 237	47 382	188%	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы		25 237	47 382	188%	
	оның ішінде:					
6.1.	әкімшілік персоналдың жалақысы		9 664	11 387	118%	
6.2.	әлеуметтік салық		956	1 528	160%	
6.3.	банк қызметтері		117	22	19%	
6.4.	Негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы		4 918	2 194	45%	
6.5.	коммуналдық қызметтер		86	56	65%	
6.6.	бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер		75	237	316%	
	оның ішінде:					
6.6.1.	аудиторлық қызметтер		54	158	293%	
6.6.2.	ақпараттық қызметтер		21	79	378%	
6.7.	салықтар		7 578	28 653	378%	
6.8.	басқа да шығыстар		1 843	3 306	179%	
	оның ішінде:					
6.8.1.	қосалқы бөлшектер, материалдар		69	207	300%	
6.8.2.	отын		51	108	212%	
6.8.3.	электр энергиясы		139	141	102%	
6.8.4.	жөндеу қоры		10	0	0%	
6.8.5.	құралға техникалық қызмет көрсету		14	14	103%	
6.8.6.	еңбекті қорғау		9	6	64%	
6.8.7.	кеңсе шығыстары		340	448	132%	
6.8.8.	байланыс қызметі		332	548	165%	
6.8.9.	сақтандыру шығындары		575	1 225	213%	
6.8.10.	жалпы шаруашылық шығыстар		304	608	200%	
III	Барлық шығыстар		1 279 216	2 553 427	200%	
IV	Барлық кірістер, оның ішінде		1 279 216	933 060	73%	
	ӘМ АНҚ қызметтерінен		1 279 216	933 060	73%	
V	Көрсетілген қызметтердің көлемі	тонна	3 778 819	2 752 389	73%	

Бас директордың міндетін атқарушы

Богдашкин Ф.Ф